

Мектепке дейінгі балаларды дамыту орталығы "Mir"
№5 әдістемелік кеңес хаттамасы

Өткізілген күні: «02» мамыр 2024 жыл

Өткізілген орны: Музыкалық зал

Қатысқандар: 10 педагог

Қатыспағандар: 0

Төраға: Жиенбаева М.Б

Хатшы: Рахатова А.Б.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Балалардың біліктері мен дамуының қорытынды мониторингінің нәтижесін талдау.
2. Үйірме жұмыстарының жүргізілу барысын кешенді бақылау.
3. Жас мамандар мектебінің жұмысы туралы есеп беру.
4. Балалардың мектепке оқуға даярлығы.

1-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Тыңдалды:

Меңгеруші Едигина Жадыра Ондасыновна балалардың біліктері мен дағдыларының қорытынды мониторингі нәтижелері туралы ақпарат берді. Мониторинг қорытындысы бойынша тәрбиеленушілердің басым бөлігі білім беру бағдарламасында көзделген күтілетін нәтижелерге қол жеткізгені анықталды. Балалардың танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, әлеуметтік және дене дамуы бойынша оң динамика байқалды.

Сөйледі:

Едигина Жадыра Ондасыновна мониторинг нәтижелерінің балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес екендігін атап өтті.

Қаулы:

1. Қорытынды мониторинг нәтижелері қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Жаңа оқу жылында жеке қолдауды қажет ететін тәрбиеленушілермен түзету жұмыстарын жалғастыру ұсынылсын.
3. Мониторинг нәтижелері педагогикалық кеңесте қаралсын.

2-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Тыңдалды:

Меңгеруші Едигина Жадыра Ондасыновна үйірме жұмыстарының жүргізілу барысына жүргізілген кешенді бақылау нәтижелерімен таныстырды. Бақылау барысында үйірме құжаттамаларының жүргізілуі, сабақтардың сапасы, балалардың қатысу белсенділігі және үйірме жұмысының нәтижелілігі зерделенді.

Үйірме жетекшілері бағдарламалық материалдарды жүйелі түрде жүзеге асырып, тәрбиеленушілердің қызығушылықтарын дамыту бағытында тиімді жұмыс жүргізген.

Қаулы:

1. Үйірме жұмыстарының ұйымдастырылуы қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. Үйірме сабақтарында инновациялық технологияларды қолдану жалғастырылсын.
3. Үйірме жұмыстарының нәтижелерін көрмелер мен байқаулар арқылы насихаттау ұсынылсын.

3-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Тыңдалды:

Жас мамандар мектебінің жетекшісі Рахатова Арайлым Берікқалиқызы атқарылған жұмыстар бойынша есеп берді. Есеп барысында жас педагогтерге әдістемелік көмек көрсету, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерге қатысу, тәлімгерлік жұмыстар және кәсіби құзыреттілікті дамыту шаралары туралы ақпарат ұсынылды.

Жас мамандар оқу жылы ішінде белсенділік танытып, кәсіби шеберліктерін жетілдіргені атап өтілді.

Қаулы:

1. Жас мамандар мектебінің жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Тәлімгерлік жұмысты жаңа оқу жылында жүйелі жалғастыру ұсынылсын.
3. Жас педагогтердің кәсіби дамуына бағытталған практикалық семинарлар ұйымдастырылсын.

4-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Тыңдалды:

Мектепалды даярлық тобының педагогтері балалардың мектепке оқуға даярлығы туралы ақпарат берді. Нәтижелер бойынша тәрбиеленушілердің көпшілігі оқу әрекетіне психологиялық, зияткерлік және әлеуметтік тұрғыдан дайын екендігі анықталды.

Балаларда тындай білу, тапсырмаларды орындау, оқу қызметіне қызығушылық таныту, өз ойын жеткізу және қарым-қатынас жасау дағдылары қалыптасқан.

Қаулы:

1. Балалардың мектепке оқуға даярлық деңгейі жеткілікті деп танылсын.
2. Ата-аналарға мектепке бейімделу кезеңі бойынша ұсынымдар берілсін.
3. Мектеппен сабақтастық жұмыстарын жалғастыру қамтамасыз етілсін.

Төрайымы:

Хатшы:

